

**ЖК Ғайып Н.И «Ақбөбек» жекеменшік балабақшасы
№1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні: 25 тамыз 2023 жыл

Өткізілген орны: АКТ зал

Қатысқандар: 8 педагог

Төраға: Р.Чуйтанова

Хатшы: С.Тулесбаева

КҮН ТӘРТІБІ

1. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстарды қорытындылау.
2. 2023–2024 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту.
3. 2023–2024 оқу жылына арналған әдістемелік-нұсқаулық хатпен, мемлекеттік стандартпен, Үлгілік оқу бағдарламасы және Үлгілік оқу жоспарымен таныстыру.
4. Күн тәртібін, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін және педагогтер мен мамандардың жұмыс кестесін бекіту.
5. Аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту.
6. Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарын бекіту.

Бірінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі жазғы сауықтыру кезеңінде жүргізілген жұмыстардың қорытындысына жан-жақты тоқталды. Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында таңертеңгі гимнастика, таза ауадағы ойындар, шынықтыру шаралары, спорттық ойындар, серуендер, қауіпсіздік сабақтары және ата-аналармен ақпараттық жұмыстар жүйелі ұйымдастырылғаны айтылды. Медбике балалардың денсаулық көрсеткіштеріне талдау жасап, жұқпалы аурулардың алдын алу шараларының тиімділігі жөнінде баяндады. Әдіскер жазғы кезеңде педагогтердің жоспарларының орындалуына талдау жасап, күшті және жетілдіруді қажет ететін тұстарды атап өтті.

Сөйледі:

Әдіскер мен тәрбиешілер балалардың қызығушылығы артқанын, табиғат аясындағы іс-шаралардың тәрбиелік мәні жоғары болғанын айтты.

Қаулы:

1. Жазғы сауықтыру жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Денсаулық сақтау технологиялары оқу жылында жалғастырылсын.
3. Қауіпсіздік жұмыстары тұрақты бақылауда болсын.

Екінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әдіскер Тулекбаева жылдық жоспардың құрылымын таныстырып, онда оқу-тәрбие жұмысы, әдістемелік қызмет, бақылау, ата-аналармен жұмыс, мерекелік іс-шаралар және педагогтердің кәсіби дамуы толық қамтылғанын баяндады.

Сөйледі:

Педагогтер жоспарға ұсыныстар енгізіп, инновациялық әдістерді қолдану бойынша пікір алмасты.

Қаулы:

1. Жылдық жоспар бекітілсін.
2. Барлық педагогтер жоспар негізінде жұмыс жүргізісін.
3. Жоспардың орындалуы әкімшілік бақылауында болсын.

Үшінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әдіскер 2023–2024 оқу жылына арналған әдістемелік-нұсқаулық хаттағы өзгерістерді, мемлекеттік стандарт талаптарын, Үлгілік оқу бағдарламасы мен оқу жоспарын түсіндірді. Құжаттарды жоспарлау барысында басшылыққа алу қажеттігі айтылды

Сөйледі:

Педагогтер нормативтік құжаттарға қатысты сұрақтарын қойып, түсіндірмелер алды.

Қаулы:

1. Нормативтік құжаттар басшылыққа алынсын.
2. Ұйымдастырылған іс-әрекет мемлекеттік талаптарға сай жүргізілсін.

Төртінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі күн тәртібін, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін, музыка жетекшісі, қазақ тілі мұғалімі, логопед, психолог және басқа мамандардың жұмыс кестесін таныстырды.

Сөйледі:

Педагогтер кестелерді талқылап, өзгерістер бойынша ұсыныстарын білдірді.

Қаулы:

1. Күн тәртібі мен барлық кестелер бекітілсін.

Бесінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Меңгеруші аттестаттау комиссиясының құрамын таныстырып, әр мүшенің міндеттерін түсіндірді.

Сөйледі:

Педагогтер комиссия құрамын қолдады.

Қаулы:

1. Комиссия құрамы бекітілсін.

Алтыншы мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әдіскер аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарын таныстырды. Құжаттарды қабылдау, сабақтарға қатысу, тәжірибені зерделеу және қорытындылау кезеңдері түсіндірілді.

Сөйледі:

Ұсыныстар тыңдалып, жоспар мақұлданды.

Қаулы:

1. Жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Аттестаттау жұмыстары белгіленген мерзімде жүргізілсін.

Педагогикалық кеңестің шешімі

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, бірауыздан мақұлданды.

Қабылданған шешімдердің орындалуы балабақша меңгерушісі мен әдіскердің бақылауына алынды.

Төраға

Хатшы



Р. Чуйтанова

С.Тулекбаева

**ЖК Ғайып Н.И «Ақбөбек» жекеменшік балабақшасы
№2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні: 12 желтоқсан 2023 жыл

Өткізілген орны: АКТ зал

Қатысқандар: 8 педагог

Төраға: Р.Чуйтанова

Хатшы: С.Тулесбаева

КҮН ТӘРТІБІ

1. Педагогикалық әдеп және педагогикалық такт.
2. Кеңес: «Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті».
3. Педагогтардың кәсіптік ортадағы әдеп-этикалық нормалары.

Бірінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Чуйтанова педагогикалық әдеп пен педагогикалық такт ұғымдарының мәніне тоқталды. Педагогтің кәсіби мәдениеті, баламен, ата-анамен және әріптестермен қарым-қатынастағы этикалық қағидалары жан-жақты түсіндірілді. Педагог мәртебесі туралы заң талаптары, педагогтің мінез-құлқы, сыртқы келбеті, сөйлеу әдебі және қызметтік жауапкершілігі кеңінен талқыланды. Педагогтер өз тәжірибелерімен бөлісіп, түрлі педагогикалық жағдаяттарды шешу жолдарын ұсынды.

Қаулы:

1. Педагогикалық әдеп қағидалары күнделікті жұмыста басшылыққа алынсын.
2. Балалармен және ата-аналармен қарым-қатынаста педагогикалық такт сақталсын.
3. Педагогтердің кәсіби мәдениетін жетілдіру жұмыстары жалғастырылсын.

Екінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әдіскер Тулекбаева «Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті» тақырыбында кеңес өткізді. Педагогтің анық, сауатты әрі әдеби тілде сөйлеуі, дауыс ырғағын дұрыс қолдануы, сөздік қорын байытуы, ресми және бейресми қарым-қатынаста сөйлеу мәдениетін сақтау мәселелері қарастырылды. Логопед сөйлеу мәдениетін жетілдіруге байланысты практикалық ұсыныстар берді.

Қаулы:

1. Сөйлеу мәдениетін жетілдіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
2. Әдеби тіл нормаларын сақтау міндеттелсін.
3. Ата-аналармен қарым-қатынаста кәсіби сөйлеу әдебі сақталсын.

Үшінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі педагогтердің кәсіптік ортадағы әдеп-этикалық нормалары туралы баяндама жасады. Ұжымдағы өзара сыйластық, кәсіби ынтымақтастық, қызметтік әдеп, әлеуметтік желідегі мәдениет, еңбек тәртібі және кәсіби имидж мәселелері қарастырылды. Педагогтер пікір алмасып, ұжымдағы қолайлы психологиялық ахуалды сақтау бойынша ұсыныстар айтты.

Қаулы:

1. Педагогтердің әдеп кодексі сақталсын.
2. Ұжымдағы ынтымақтастық нығайтылсын.
3. Кәсіби этика талаптарын сақтау тұрақты бақылауға алынсын.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, бірауыздан мақұлданды. Қабылданған шешімдердің орындалуы балабақша әкімшілігінің бақылауына алынсын.

Төраға

Р. Чуйтанова

Хатшы

С. Тулекбаева



ЖК Ғайып Н.И «Ақбөбек» жекеменшік балабақшасы
№3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 26 мамыр 2023 жыл

Өткізілген орны: АКТ зал

Қатысқандар: 8 педагог

Төраға: Р.Чуйтанова

Хатшы: С.Тулекбаева

КҮН ТӘРТІБІ

1. Бөбекжайдың 2023–2024 оқу жылының қорытындысы.
2. МАД топтары педагогтерінің жұмысының есебі.
3. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын бекіту.
4. Жаңа оқу жылына бағыт-бағдарлау.

Бірінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Чуйтанова оқу жылының қорытындысына жан-жақты талдау жасап, оқу-тәрбие жұмысының орындалуы, балалардың даму мониторингі, ата-аналармен жұмыс және педагогтердің жетістіктері туралы баяндады.

Сөйледі:

Педагогтер өз ұсыныстарын айтып, пікір алмасты.

Қаулы:

1. Ұсыныстар мақұлдансын.
2. Жұмыстар жоспарға сәйкес орындалсын.
3. Орындалуы әкімшілік бақылауында болсын.

Екінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

МАД топтарының педагогтері оқу жылы ішінде атқарылған жұмыстар жөнінде есеп беріп, тәрбиеленушілердің мектепке даярлық деңгейі мен мониторинг нәтижелерін таныстырды.

Сөйледі:

Педагогтер өз ұсыныстарын айтып, пікір алмасты.

Қаулы:

1. Ұсыныстар мақұлдансын.

2. Жұмыстар жоспарға сәйкес орындалсын.
3. Орындалуы әкімшілік бақылауында болсын.

Үшінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әдіскер Тулекбаева жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын таныстырып, шынықтыру, қауіпсіздік, серуен, спорттық ойындар және ата-аналармен жұмыс бағыттарын түсіндірді.

Сөйледі:

Педагогтер өз ұсыныстарын айтып, пікір алмасты.

Қаулы:

1. Ұсыныстар мақұлдансын.
2. Жұмыстар жоспарға сәйкес орындалсын.
3. Орындалуы әкімшілік бақылауында болсын.

Төртінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі жаңа оқу жылына дайындық, материалдық база, кабинеттерді дайындау, жоспарлау және педагогтердің кәсіби дамуы туралы баяндады.

Сөйледі:

Педагогтер өз ұсыныстарын айтып, пікір алмасты.

Қаулы:

1. Ұсыныстар мақұлдансын.
2. Жұмыстар жоспарға сәйкес орындалсын.
3. Орындалуы әкімшілік бақылауында болсын.

Педагогикалық кеңестің шешімі

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер бірауыздан қабылданып, жаңа оқу жылына арналған міндеттер айқындалды.

Төраға:  Р. Чуйтанова

Хатшы:  С. Тулекбаева